

**Култасов Бекзатхан Шамуратовичтің**  
**6D080100-Агрономия БББ бойынша философия докторы (PhD)**  
**дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстандық Арал өңірінде**  
**топырақ өңдеу тәсілдері мен азот тыңайтқыштарын енгізу әдістерінің**  
**күріш өнімділігіне әсері» тақырыбындағы**  
**диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

**ШҚІРІ**

Адамзат көп тұтынатын азық-түлік өнімдерінің бірі күріш жармасы. Планета халқының жартысынан көбі өмір сүретін 21 елдегі халықтардың байлығы мен денсаулығының 75% осы күрішке байланысты болып келеді. Қазақстанның суармалы егіншілігінде өсірілетін бұл бағалы дақылдың қазіргі өндірісі күріш жармасына деген ішкі сұранысты толық қамтамасыз етуге және азыққа дайын өнімді 20-дан астам алыс, жақын шетелдерге экспортқа шығаруға мүмкіндік беріп отыр Қазақстанда күріш дақылы Сырдария және Іле мен Қаратал өзендерінің суымен суарылатын арнайы инженерлік жүйеге келтірілген күріш ауыспалы егісі танаптарында өсіріледі.

Күріш шаруашылығы Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы саласының ең маңызды бағыты, мұнда жыл сайын 80-90 мың га күріш дақылы егіліп, елімізде өндірілетін күріш өнімінің 90% өндіріледі. Күріш дақылы ауыспалы егістегі басты дақыл, күріш өсіру кезінде танап топырағы өсімдікке зиянды тұздардан арылады, нәтижесінде ауыспалы егістің жоңышқа, арпа, бидай, мақсары, жүгері, құмай секілді басқа дақылдарын табысты өсіруге қолайлы мелниоративтік жағдай жасалады. Алайда, күріш жүйелері топырақтарының тұздануы және батпақтануы нәтижесінде олардың агрофизикалық және агрохимиялық қасиеттерінің нашарлауына, тыңайтқышты тиімді қолданбауына байланысты дақылдың өнімділік әлеуеті толық өзін көрсете алмауда.

Осы орайда докторант Б.Ш.Култасовтың күріш танаптары топырақтарын негізгі және себу алды өңдеуді жетілдіру арқылы топырақтың агрофизикалық қасиеттерін жақсарту, азот тыңайтқыштарының тиімді формаларын, нормаларын, енгізу әдістері мен мерзімдерін анықтау бойынша жүргізілген зерттеулерінің өзектілігі ерекше деп айтуға болады.

Докторант жүргізген зерттеулер күріш жүйелерінің тұзды, құнарлылығы төмен, ауырсазды шалғынды-батпақты топырақтарының агрофизикалық қасиеттерін жақсарту мақсатында заманауи топырақ өңдеуші құралдар көмегімен өңдеу және оның азот тыңайтқышын тиімді қолдануға әсерін анықтау бойынша аймақтаалғаш рет жүргізіліп отыр. Күріш шаруашылығында азот тыңайтқышының жоғары концентрациялы формасы түйіршікті карбамидті локальді әдіспен, топырақтың беткі қабатын заманауи құралмен өңдеуден соң енгізу диссертациялық жұмыстың жаңалығы болып табылады.

Топырақ өңдеудің жаңа жүйесінің және фосфор-калий тыңайтқыштары фондында қолданылған азот тыңайтқыштарының формалары мен дозалары,

енгізу әдістері мен мерзімдерінің топырақтағы азот режиміне, күріш өсімдігінің өсуі мен дамуына әсері, өсімдіктің дамуының түрлі кезеңдеріндегі азоттың пайдаланылуы, тыңайтқыш азотының күріш өсімдігінің негізгі және қосалқы өнімімен шығуы, азоттың пайдалану коэффициентін анықтау азот тыңайтқышын қолданудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Докторант өз жұмысында күріш дақылының өнімділігін күрт артыратын азот тыңайтқыштарының формаларын салыстыра зерттеп, жоғары концентрациялы карбамид тыңайтқышының тиімділігі дәстүрлі аммоний сульфаты тыңайтқышынан кем түспейтінін дәлелдеді. Фосфор, калий тыңайтқыштары фондында берілген карбамидтің 120 және 150 кг/га дозаларының күріш өсімдігінің өсуі, дамуы және өнімділігіне әсері жайлы құнды мәліметтер алынды. Сондай-ақ азот тыңайтқышын күрішті егу алдында енгізу мен өсімдіктің өніп-өсу дәуірінде 1-2 үстеп қоректендірудің және түйіршікті карбамидті локальді әдіспен қолданудың тиімділігі айқындалды.

Қызылорда облысының күріш өсіруші шаруашылықтарында күріш танабы топырақтарын заманауи топырақ өңдеу құралдарымен өндегенде түйіршікті азот тыңайтқышы карбамидті локальді әдіспен енгізу азот тыңайтқыштарын тиімді қолданудың жаңа озық тәжірибесі болып саналады.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды аймақтағы түрлі деңгейдегі күріш өсіруші құрылымдар топырақты сапалы өңдеу және минаралды азот тыңайтқыштарды тиімді пайдалану мақсатында әдістемелік құрал ретінде басшылыққа алады.

Зерттеулер нәтижелері бойынша жасалған ұсыныстар күріш ауыспалы егісі жерлерін сапалы өндеп, тиімді пайдалануға бағыттайды. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері арнайы ауылшаруашылық білім беру мекемелерінің түрлі деңгейдегі білім алушыларының теориялық және тәжірибелік білімін толықтыруға ықпал жасайды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша күріш дақылының өнімділігін дәстүрлі топырақ өңдеу тәсілдері және азот тыңайтқышын енгізу әдістерімен салыстырғанда 2,4-6,6 ц/га-ға арттыратын топырақ өңдеу жүйесімен тыңайтқыш енгізу әдісі ұсынылып отыр. Жаңа ұсынылған жүйе күріш шаруашылығында әр гектардан 448,9 мың теңгеге дейін таза табыс алуды қамтамасыз еткен.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда 10 мақала түрінде жарияланған.

Докторант Б.Ш.Култасов зерттеу бағдарламасын жасауда, танаптық тәжірибелер жүргізуде, жылдық есептер мен мақалалар дайындауда өзінің білімділігі мен біліктілігін, еңбекқорлығы мен табандылығын, ыждахаттылығын, сабырлығын көрсетті.

Б.Ш.Култасов зерттеу жұмысының міндерін орындау, танаптық тәжірибелер жүргізу, алғашқы мәліметтерді жинастыру және қорыту, ғылыми форумдарда жұмыс нәтижесін баяндау, диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу жұмыстарын өзі тыңғылықты атқарды.

Докторант Култасов Бекзатхан Шамуратовичтің «Қазақстандық Арал өңірінде топырақ өңдеу тәсілдері мен азот тыңайтқыштарын енгізу әдістерінің күріш өнімділігіне әсері» диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келіп, Б.Ш.Култасовтың диссертациялық жұмысын Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Диссертациялық кеңесінде ашық қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші**  
**Қорқыт Ата Атындағы**  
**Қызылорда университетінің**  
**қауымд. профессоры, а.ш. ғ.д.**



**И.А. Таутенов**

